

Жер туралы ғылым саласында жас ғалымдарға академик Д.А. Қонаев атындағы сыйлықтар тағайындау жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 24 тамыз N 957. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.05.10. N 685 қаулысымен. ~P000685

Қазақстан Республикасы Президентінің "Д.А. Қонаев есімін мәңгі есте қалдыру туралы" 1994 жылғы 24 ақпандағы N 1577 Қаулысын (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 10, 98-бап) іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жер туралы ғылым саласында жас ғалымдарға Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Д.А. Қонаев атындағы сыйлықты беру тәртібі туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының ұлттық ғылым академиясы аталған сыйлықты беру үшін іргелі зерттеулер бағдарламаларын қаржыландыруға арналған бюджет қаражат есебінен қажетті сома бөліп отырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 24 тамыздағы
N 957 қаулысымен
бекітілген

Жер туралы ғылым саласында жас ғалымдарға Қазақстан
Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі
Д.А. Қонаев атындағы сыйлықтарды беру тәртібі туралы
Е р е ж е

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Д.А. Қонаевтың өсімін мәңгі есте қалдыру туралы" 1994 жылғы 24 ақпандағы қаулысына сәйкес Жер туралы ғылым саласында жас ғалымдарға Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Д.А. Қонаев атындағы 50 ең төменгі жалақы мөлшерінде жыл сайын берілетін сыйлықтар (үшеу) тағайындалды.

2. Сыйлықтар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, республиканың мекемелерінде (ұйымдарда, жоғары оқу орындарында, кәсіпорындарда) қызмет істейтін және (немесе) республиканың жоғары оқу орындарында, аспирантурада, ординатурада, адъюнктурада оқитын жасы 35-тен аспаған жас ғалымдарға үлкен теориялық және практикалық маңызы бар Жер туралы ғылым саласындағы перспективалы және принципті жаңа ғылыми-техникалық шешімдер, ғылыми зерттеулер үшін беріледі.

Сыйлық бұрын басқа сыйлықтар мен наградаларға ие болмаған жұмыс (немесе жұмыстар топтамасы) үшін бір рет беріледі.

3. Сыйлықтарды Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының шешімі негізінде академик Д.А. Қонаевтың туған күні қарсаңында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті береді.

4. Сыйлық алу үшін конкурс өткізу шешімі республикалық ресми баспасөзде конкурс басталатын күннен бір ай бұрын (жыл сайын 1 желтоқсанда) жарияланады.

5. Сыйлық алу үшін еңбектерді конкурсқа ұсыну ғалымдар мен ғылыми-техникалық кеңестер, ғылыми мекемелердің, жоғары оқу орындарының, ұйымдар мен кәсіпорындардың жас ғалымдарының ғылыми кеңестері, сондай-ақ жеке түрде (өзін-өзі ұсыну) арқылы жүргізіледі.

Сыйлық алу үшін конкурсқа ұсынылатын ұжымның саны 3 адамнан аспауы тиіс. Авторлық ұжымға адамдарды тек қана әкімшілік немесе ұйымдастыру қызметі бойынша енгізуге болмайды.

6. Сыйлық алуға ұсынылған материалдарда:

- жарияланған уақыты мен жері көрсетілген монография түріндегі ғылыми жұмыс, мақалалардың көшірмелері, авторлық куәліктер, патенттер, рефераттар болуы тиіс. Жұмыстың әрбір данасына авторлардың қолы қойылып, ұсынушы мекеменің мөрімен куәландырылған аннотация қоса беріледі;

- қосымша материалдар:

сыйлық алуға кандидатты ұсыну туралы ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңес мәжілісі хаттамасының көшірмесі<*>;

<*>Өзін-өзі Ұсынған болса берілмейді.

мамандардың жұмысқа берген жалпы бағасы бар ұсынылушының ғылыми жетістіктерін сипаттайтын дәлелді ұсынысы (немесе дәлелді жеке мәлімдемесі), жұмысты орындаушылар мен оны орындау уақыты, жұмыс нәтижелерінің практикада іс жүзіне асырылуы туралы деректер;

ұсынылушы туралы мәліметтер: фамилиясы, есімі, әкесінің есімі, туған күні, айы, жылы, жұмыс (оқу) орны, атқаратын қызметі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмысы мен үйінің мекен-жайы, қызмет және үй телефондарының номерлері;

ұсынылушының соңғы бес жыл ішінде жарияланған ғылыми еңбектерінің тізімі, сондай-ақ басты жұмыстарының көшірмелері (3-тен көп емес), монографияларға, кітаптарға, кітапшаларға қатысты аннотациялар;

бірлесе орындағандардың әрқайсысының шығармашылық үлесі туралы а н ы қ т а м а б о л у ы т и і с .

Материалдарға ұсынылушының негізгі жұмыс (оқу) орны әкімшілігі басшысының қолы қойылып және ұйымның мөрімен расталуы керек.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы ұсынылған жұмыстарды сараптау және бағалау, конкурстық іріктеу жүргізу үшін Жер туралы ғылым саласындағы республиканың жетекші ғалымдарынан сараптау к о м и с с и я с ы н қ ұ р а д ы .

Сараптау комиссиясы сыйлық беруге ұсынылған ғалымдар кандидатураларының тізімін әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Төралқасының қарауына тапсырады.

8. Сыйлық беруге ұсынылған ғалымдардың кандидатуралары Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының қарауына өткен соң Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынылады.

9. Сыйлық беру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті шығарады және лауреаттар мен жұртшылыққа сыйлық беру туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде республикалық газеттер, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ғылыми журналдары а р қ ы л ы х а б а р л а н а д ы .

10. Жер туралы ғылым саласындағы академик Д.А. Қонаев атындағы сыйлыққа деген қаражат іргелі зерттеулер бағдарламаларын қаржыландыруға арналған бюджет қаражаты есебінен бөлініп отырады.

11. Жер туралы ғылым саласындағы академик Д.А. Қонаев атындағы сыйлықты Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы береді (ж і б е р е д і) .

12. Жер туралы ғылым саласында академик Д.А. Қонаев атындағы сыйлық беруге арналған конкурс өткізу тәртібі туралы Нұсқаулықты әзірлеу Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясына жүктеледі.